

Назар аударыңыз! «Күнделік» жүйесінің логикасына сәйкес жаңа оқу жылына көшу **1 тамыз күні** өтеді.

- Өткен оқу жылының басталу және аяқталу күні 01.08.2020 - 31.07.2021.
- Жаңа оқу жылының басталу және аяқталу күні 01.08.2021 - 31.07.2022.

Тамыз айына дейін сыныптарды жаңа оқу жылына ауыстыру ұсынылмайды, өйткені жазғы кезеңде оқушылар мектептен мектепке ауысады, ал сынып жаңа оқу жылына ауысқанға дейін оқушы мектептен шығарылуы керек.

Сыныпты бітіргізіп шығару, келесі оқу жылына және «Мұрағатқа» ауыстыру батырмалары сынып туралы мәліметтер бар парақшада жеке блокта орналасқан.

№1 Мектеп-гимназия > Өкімшілік ету > Сыныптар

Сынып параметрлері: Демо 4

2020/2021 оқу жылы

Қарап шығу Өңдеу Оқушылар Оқу топтары Логотип Білім беру бағдарламалары

Сынып деректері

Сынып коды	Демо 4	Сынып парақшасы
Атауы	Демонстрационный класс	
Ауысым	Нет сменности	
Ең үлкен топтасу, адам	20	
Сынып типі	Жалпы білім беру	
Параллель	4	
Оқу жылы	2020/2021	
Журнал түрі	Жиынтық бағалау журналы	
Есептік кезең	Отчетный период 2020-2021	

Өңдеу

2021 /2022 оқу жылына ауыстыру

Мұрағатқа өткізу

Жою

Кесте

Сынып мәліметтерін өңдеу, оны шығару және келесі оқу жылына ауыстыру мүмкіндігі **Әкімші** және «Сынып» блогына толық қолжетімділігі бар **редакторда** ғана бар.

Ескерту: «Сыныпты бітіргізіп шығару» батырмасы, сынып баптауларында «**Түлектер сыныбы**» өрісіне құс белгісі қойылған жағдайда ғана болады. Құс белгісін қою үшін сынып парақшасында «Өңдеу» қойындысына өту қажет.

Сынып параметрлері: 11 в

2020/2021 оқу жылы

Қарап шығу

Өңдеу

Оқушылар

Оқу топтары

Логотип

Білім беру бағдарламалары

Сынып коды	<input type="text" value="11 в"/>
Атауы	<input type="text"/>
Ауысым	<input type="text" value="- таңдаңыз-"/>
Ең үлкен топтасу, адам	<input type="text"/>
	Қолданыстағы СанЕмН талаптарына сай
Сынып типі	<input type="text" value="Жалпы білім беру"/>
Оқу тілі	<input type="text" value="- Білім беру тілін таңдаңыз -"/>
Параллель	<input type="text" value="11"/> <input checked="" type="checkbox"/> Түлектер сыныбы
Журнал түрі	<input type="text" value="Жиынтық бағалау журналы"/>
Есептік кезең	<input type="text"/>
Қоңыраулар кестесі	<input type="text"/>
Сабақтардың белгіленуі	<input type="radio"/> Кестедегі сабақтардың нөлдік нөмірлерін қосу <input checked="" type="radio"/> Кестеде сабақтардың нөлдік нөмірлерін өшіру
Сипаттама	

Осылайша, білім беру ұйымының қызметкеріне келесі мүмкіндіктер қолжетімді:

- сыныпты жаңа оқу жылына толығымен және оқушыларды іріктеу арқылы өткізу;
- сыныпты «Мұрағатқа» өткізу;
- сыныпты бітіргізіп шығару;
- сыныпты жою.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін барлық сыныптар:

- бітіргізіп шығарылады;
- келесі оқу жылына ауыстырылады;
- «Мұрағатқа» өткізіледі.

Сынып мұрағатқа өтсе немесе жаңа оқу жылына ауыстырылса, бұл әрекет сыныптар тізімінде көрініп тұрады және сыныптар тізімінің парақшасында арнаулы түспен боялады:

- **қара түспен** - жаңа оқу жылына ауыстырылған сыныптар;
- **сұр түспен** - «Мұрағатқа» ауыстырылған сыныптар;
- **көк түспен** - жаңа оқу жылына да, «Мұрағатқа» да ауыстырылмаған сыныптар.

Ескерту: егер сынып жаңа оқу жылына ауыстырылмаса (мысалы, екі сыныптан бір сынып құрастырылған немесе сынып бітіргізіп шығарылған), «Сыныпты бітіргізіп шығару» немесе «Мұрағатқа өткізу» батырмасы арқылы сыныптың тарихын жабу қажет. Оқу жылы біткеннен кейін барлық сыныптар бітіргізіп шығарылу қажет немесе мұрағатқа өту қажет.

Егер сыныптарды жаңа оқу жылына ауыстыру тамыз айында жүзеге асырылса

0 және 1-сыныптар. 2021-2022 оқу жылында жаңа сынып қосу үшін өткен оқу жылындағы сыныптармен ешқандай іс-әрекеттерді жүзеге асырудың **қажеті жоқ**.

Ескерту: егер мектепте 0 сыныптар бар болса, және олар жаңа оқу жылына ауысса, онда жаңа оқу жылында жаңа 1 сыныптарды құрудың **қажеті жоқ**.

2021-2022 оқу жылында жаңа сыныпты жасау және жаңа оқушыларды қабылдау үшін, жаңа сынып жасау қажет. Ол үшін:

-
- «Әкімшілік ету» бөліміне өту;
- «Сыныптар тізімі» батырмасына басу;
- ауыстырғышты пайдаланып, 2021-2022 оқу жылына өту;
- «+» (плюс) батырмасын басу, жаңа сыныпты жасау беті ашылады.

№1 Мектеп-гимназия > Әкімшілік ету

Сыныптар

◀ ▶ 2021 /2022 оқу жылы
Ағымдағы жыл



- жаңа сынып құрылғаннан кейін жаңа тұлғаларды (оқушылар парақшаларын) қосуға немесе импорттауға болады.

2-8 және 10-сыныптар. Сыныптарды 2021-2022 оқу жылында ауыстыру басқа мектептерге ауысқан **оқушыларды шығарғаннан кейін ғана** жүзеге асырылады, бұл шығарылған оқушылардың **жаңа оқу жылындағы сыныптан шығару** процедурасын жасау үшін жасалады. Сондықтан бірінші кезекте кеткен оқушыларды алып тастау процесі жүзеге асырылады.

Кеткен оқушыларды шығарған уақытта нақты шығару күнін немесе **1-қыркүйекке** дейінгі күнді көрсету қажет, сол кезде сыныптан шығару күні жаңа оқу жылына кедергі келтірмейді.

Мақала: [Пайдаланушыны қалай жою және мектептен шығару / «Мұрағатқа» өткізу қажет?](#)

Ескерту: сынып журналында таңдалған есептік кезеңінде мүшелігі бар оқушылар ғана көрсетіледі.

Мысалы: бірінші тоқсанның басталу күні-1 қыркүйек. Егер оқушы 31 тамызда шығарылса, оның аты-жөні журналда көрсетілмейді. Егер оқушы 1-қыркүйек немесе тоқсанның келесі күндерінде сыныптан шығарылса, онда ол осы тоқсанның шеңберінде, сынып журналында шығатын болады.

Кеткен оқушылар шығарылғаннан кейін сыныптарды қалған оқушылармен бірге жаңа оқу жылына ауыстыру қажет.

Ол үшін:

- «Әкімшілік ету» бөліміне өту;
- «Сыныптар тізімі» батырмасын басу;
- жаңа оқу жылына ауыстырылатын сыныптың атауына басу;
- «2021 /2022 оқу жылына ауыстыру» батырмасын басу;

№1 Мектеп-гимназия > Әкімшілік ету > Сыныптар

Сынып параметрлері: Демо 4

2020/2021 оқу жылы

Қарап шығу Өңдеу Оқушылар Оқу топтары Логотип Білім беру бағдарламалары

Сынып деректері

Сынып коды	Демо 4	Сынып парақшасы
Атауы	Демонстрационный класс	
Ауысым	Нет сменности	
Ең үлкен топтасу, адам	20	
Сынып типі	Жалпы білім беру	
Параллель	4	
Оқу жылы	2020/2021	
Журнал түрі	Жиынтық бағалау журналы	
Есептік кезең	Отчетный период 2020-2021	

Өңдеу

- 2021 /2022 оқу жылына ауыстыру
- Мұрағатқа өткізу
- Жою
- Кесте

- ауыстыру түрін таңдау:
 - **Жалпы сынып.** Сынып жаңа оқу жылына барлық оқушылармен ауыстырылады. Осы әдісті пайдалану ұсынылады.

- **Таңдалған оқушылар.** Таңдамалы ауысу бір немесе бірнеше оқушыларды жаңа оқу жылында бұрын құрылған сыныпқа ауыстыруды көздейді. Егер жаңа оқу жылында сынып әлі жасалмаса, әдістің осы түрін қолдануға болмайды.
- қажет болған жағдайда, жаңа сынып атауын енгізу (жүйе, сыныптың атауын автоматты түрде бір сатыға жоғары деңгейге ауыстырады);
- қажет болған жағдайда, бұйрықтың нөмірін мен күнін көрсетіп, «Әрі қарай» батырмасын басу қажет.

Сыныпты толық құрамымен жаңа оқу жылына ауыстыру

Сыныпты **толық құрамында жаңа оқу жылына** ауыстыру үшін:

- қажетті сыныптың параметрлеріне өту;
- «Қарап шығу» қойындысына басу;
- сыныптың ашылған парақшасында «Жаңа оқу жылына ауыстыру» батырмасын басу;
- «**Жалпы сынып**» параметрін таңдау;
- «Әрі қарай» батырмасын басу;
- сыныптың жаңа атауын және параллелін енгізу. Қажет болса, «Түлектер сыныбы» параметрінде құс белгісін қою;
- «Әрі қарай» батырмасын басу;

Ескертулер:

- бұл әрекетті жасау барысында, сыныптың парақшасында былтырғы оқу жылындағы енгізілген деректер сақталады;
- қажет болған жағдайда ауыстыру туралы бұйрықтың деректерін енгізуге болады.

Сыныпты ауыстыру шебері

1. Ауыстыру типі → 2. Параметрлер → 3. Растау

- Жалпы сынып**
Сыныптың барлығын келесі оқу жылына ауыстыру.
- Таңдалған оқушылар**
Таңдалған оқушыларды басқа сыныпқа ауыстыру.

Ары қарай> немесе [сыныпқа оралу](#)

Сыныптың оқушыларын іріктеу арқылы оқу жылына ауыстыру

Іріктеу арқылы ауыстыру тек жаңа оқу жылында қажетті сыныптар құрылған болса ғана мүмкін болады.

Сыныптың **оқушыларын іріктеу арқылы жаңа оқу жылына** ауыстыру үшін:

- қажетті сыныптың параметрлеріне өту;
- «Қарап шығу» қойындысына өту;
- сыныптың ашылған парақшасында «Жаңа оқу жылына ауыстыру» батырмасын басу;
- «**Таңдалған оқушылар**» батырмасын басу;
- «Әрі қарай» батырмасын басу;
- оқу жылды таңдап, сыныпты тізімнен таңдап, жаңа оқу жылына ауыстырылатын оқушыларды ауыстыру типін таңдау;
- «Әрі қарай» батырмасын басу;

Қалған оқушыларды бітіргізіп шығару немесе «Мұрағатқа» өткізу қажет.

Ескертулер:

- қажет болған жағдайда ауыстыру туралы бұйрықтың деректерін енгізу қажет;
- ауыстыру барысында «Нақты» типін таңдаған кезде, сыныптағы мүшеліктің басталу күнін міндетті түрде енгізу қажет.

№1 Мектеп-гимназия > Демо 4

Сыныпты ауыстыру шебері

1. Ауыстыру типі → **2. Параметрлер** → 3. Растау

Оқу жылы	2020/2021														
Жаңа сынып	- Сыныпты таңдаңыз -														
Ауыстыру типі	<input type="radio"/> Нақты <input type="radio"/> Қате салдарынан														
Оқушылар тізімі	<table><thead><tr><th><input type="checkbox"/></th><th>АТЫ-ЖӨНІ</th></tr></thead><tbody><tr><td><input checked="" type="checkbox"/></td><td>Абдрашев Амир Саматұлы</td></tr><tr><td><input checked="" type="checkbox"/></td><td>Ахметов Азамат</td></tr><tr><td><input type="checkbox"/></td><td>Ахметова Ажар</td></tr><tr><td><input type="checkbox"/></td><td>Бакасов Диас</td></tr><tr><td><input type="checkbox"/></td><td>Килькин Станислав Александрович</td></tr><tr><td><input type="checkbox"/></td><td>Мусаева Роза Руслановна</td></tr></tbody></table>	<input type="checkbox"/>	АТЫ-ЖӨНІ	<input checked="" type="checkbox"/>	Абдрашев Амир Саматұлы	<input checked="" type="checkbox"/>	Ахметов Азамат	<input type="checkbox"/>	Ахметова Ажар	<input type="checkbox"/>	Бакасов Диас	<input type="checkbox"/>	Килькин Станислав Александрович	<input type="checkbox"/>	Мусаева Роза Руслановна
<input type="checkbox"/>	АТЫ-ЖӨНІ														
<input checked="" type="checkbox"/>	Абдрашев Амир Саматұлы														
<input checked="" type="checkbox"/>	Ахметов Азамат														
<input type="checkbox"/>	Ахметова Ажар														
<input type="checkbox"/>	Бакасов Диас														
<input type="checkbox"/>	Килькин Станислав Александрович														
<input type="checkbox"/>	Мусаева Роза Руслановна														

9-сыныптар. 9 сыныптарды шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін келесі әрекеттерді жүзеге асыру қажет.

- Жаңа оқу жылында жаңа 10-сыныпты ашу:
 - «Әкімшілік ету» бөліміне өту;
 - «Сыныптар тізімі» батырмасын басу;
 - ауыстырғышты пайдаланып, 2021-2022 оқу жылына өту;
 - «+» (плюс) батырмасын басу, жаңа сыныпты құру беті ашылады;
 - атауын, сынып әрпін енгізіп, «Жасау» батырмасын басу.
- Мектептегі қалған оқушыларды жаңа оқу жылының сыныбына ауыстыру:
 - Жаңа оқу жылында жаңа 10-сынып ашу:
 - «Әкімшілік ету» бөліміне өту;
 - жаңа оқу жылына ауыстырылатын сыныпты басу;
 - «2021 / 2022 оқу жылына ауыстыру» батырмасын басу;
 - аударма түрін таңдау: **«Таңдалған оқушылар»;**
 - 10-сыныпқа көшетін оқушыларды «құс белгісімен» белгілеу;
 - құрылған 10-сыныпты таңдап, бұйрықтың күні мен нөмірін көрсету керек;
 - мүшеліктің басталу күні - **01.09.2021;**
 - таңдалған оқушыларды 2021-2022 оқу жылында жаңа сыныпқа көшіру.
- Шығарылған оқушыларды босату үшін 9-шы сыныптың параметрлерін өзгерту қажет:
 - «Әкімшілік ету» бөліміне өту;
 - «Сыныптар тізімі» батырмасын басу;
 - 9-сыныпты таңдап, «Өңдеу» бөліміне өту;
 - «Параллель» жолының жанында «Түлектер сыныбы» батырмасын басу;

Сынып параметрлері: 9-а

2020/2021 оқу жылы

Қарап шығу	Өңдеу	Оқушылар	Оқу топтары	Логотип	Білім беру бағдарламалары
Сынып коды	<input type="text" value="9-а"/>				
Атауы	<input type="text"/>				
Ауысым	<input type="text" value="Вторая смена"/>				
Ең үлкен топтасу, адам	<input type="text" value="20"/>				
	Қолданыстағы СанЕмН талаптарына сай				
Сынып типі	<input type="text" value="Жалпы білім беру"/>				
Оқу тілі	<input type="text" value="- Білім беру тілін таңдаңыз -"/>				
Параллель	<input type="text" value="9"/>	<input checked="" type="checkbox"/> Түлектер сыныбы			
Журнал түрі	<input type="text" value="Жиынтық бағалау журналы"/>				
Есептік кезең	<input type="text" value="1 сыныптар үшін есептік кезең"/>				
Қоңыраулар кестесі	<input type="text" value="Звонки вторая смена"/>				

- өзгерістерді сақтап, кейін «Сыныпты бітіргізіп шығару» батырмасын басу;
- барлық қажетті деректерді көрсетіп, сыныпты бітіргізіп шығару қажет.

Қайта қалпына келтірілген немесе жаңа келген оқушыларды қосу жаңа 10-шы сыныпта жүзеге асырылады.

11-сыныптар. 11-сыныпты шығару жаңа оқу жылының басталғанына немесе болмағанына қарамастан жүзеге асыруға болады. 11-сынып оқушыларын шығару туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін 11-сынып параметрлеріне өтіп, «Сыныпты бітіргізіп шығару» батырмасын басу қажет:

Сынып параметрлері: 11 в

2020/2021 оқу жылы

[Қарап шығу](#) [Өңдеу](#) [Оқушылар](#) [Оқу топтары](#) [Логотип](#) [Білім беру бағдарламалары](#)

Сынып деректері

Сынып коды	11 в	Сынып парақшасы
Атауы	-	
Ауысым	-	
Ең үлкен топтасу, адам	-	
Сынып типі	Жалпы білім беру	
Параллель	11 (түлектер сыныбы)	
Оқу жылы	2020/2021	
Журнал түрі	Жиынтық бағалау журналы	
Есептік кезең	-	
Қоңыраулар кестесі	таңдалмады	
Бірінші сабақ №	1	

Өңдеу

[Сыныпты бітіргізіп шығару](#)

[Мұрағатқа өткізу](#)

[Жою](#)

[Кесте](#)

Сыныпты шығару кезінде жүйе келесі деректерді сұрайды:

Сыныпты бітіргізіп шығару 11 в

Оқуды бітіру күні	<input type="text"/>		
№ бұйрығы бойынша	<input type="text"/>	басталу күні	<input type="text"/>
Бұйрық типі	<input type="text"/>		

Оқушылардың оқуды аяқтау күнін белгілеңіз. Сонымен қатар, сіз бұйрық пен білім туралы құжаттар бойынша деректерді көрсете аласыз.

АТЫ-ЖӨНІ	Құжат типі	Сериясы	Немір	Тіркеу №	Номер записи в книге учета
Баймуратова Ардак Теміржановна	▼				
Махатова Анаргүль Сериковна	▼				

[Выпуск](#) немесе <title.eduschool.admin.class.returnToSettings>

Назар аударыңыз! Жаңа оқу жылына ауысқаннан және сыныптарды бітіргеннен кейін кері әрекетті жүзеге асыру мүмкін емес.

Егер сыныптарды жаңа оқу жылына ауыстыру тамыз айына дейін жүзеге асырылса

Егер сыныптар жаңа оқу жылында емес, 1-тамызға дейін ауыстырылған болса, онда кеткен оқушыларды тек жаңа оқу жылындағы сыныбынан ғана шығаруға мүмкін болады. Сыныпты жаңа оқу жылына ауыстырған

кезде осы сынып ішіндегі оқушыларға жаңа оқу жылының мүшелігінің басталу күні **автоматты** түрде қойылады.

Кеткен оқушыларды шығарып, көшу күндерін реттеу үшін:

- жаңа құрылған сынып параметрлеріне өтіп, «Оқушылар» қойындысын ашу;
- кеткен оқушыларды «Нақты» әдіспен шығарып, мүшеліктің аяқталу уақытын **01.09.2021 күнге** дейін көрсету қажет;
- оқушыны шығарғаннан кейін сол парақшада «Сыныпта болды» бөліміне өтіп, бұрын шығарылған оқушының парақшасын өңдеуіне өту керек;
- «Көшу» қойындысын ашып, оқушының мүшеліктің аяқталу күнін 1 тамызға дейін көрсету қажет болады.

Мақала: [Оқушының көшуі немесе оқушыны қалай дұрыс ауыстыру, оқудан шығару және тіркеу туралы қысқаша ақпарат](#)

Назар аударыңыз! Бұл операцияны кеткен барлық оқушылармен орындау қажет.

Сыныпты «Мұрағатқа» өткізу және қалпына келтіру

Сыныпты «**Мұрағатқа**» өткізу үшін:

- «Қарап шығу» қойындысына өту;
- «Бітіргіп шығару» немесе «Мұрағатқа өткізу» батырмасына басу.

Егер сынып қате салдарынан бітіргізіп шығарылса, оны қалпына келтіруге болады. Сынып парақшасын **мұрағаттан қалпына келтіру** үшін:

- «Қарап шығу» қойындысына өту;
- «Сынып параметрлері» режимінде, оң жақтағы «Мұрағаттан қалпына келтіру» сілтемесін басу;
- қалпына келтіруді растау қажет.

Сынып мұрағатқа өткен кезде, сыныптың барлық қатысушылары мектептен шығады. Қалпына келтіру әрекеті тек қана оқушылардың парақшасында біртіндеп жасауға ғана болады. Толығырақ ақпарат [«Жойылған пайдаланушыны қалай қалпына келтіруге болады?»](#) мақаласында көрсетілген.

Сынып парақшасын жою

Сынып **парақшасын жою** үшін:

- «Қарап шығу» қойындысына өту;


- оң жақта орналасқан «Жою» батырмасын басу;
- «Ия, жою» батырмасы арқылы, жоюды растау.

Ескерту: сыныпты жою, тек қана онымен байланысқан ақпарат жоқ болған жағдайда ғана мүмкін болады. Оқушылар, сабақ кестесі, КТЖ, сынып парақшасында көрсетілген есептік кезең, қоңыраулар кестесі, сынып жетекшісі туралы ақпарат жойылу қажет.

Екі жыл алға сыныпты қате көшіру

Егер сынып екі оқу жыл алға қателікпен көшірілген және келесі оқу жылында көрсетілген болса, онда келесі нұсқаулық арқылы іс-әрекеттерді жасау қажет:

- «Сыныптар тізімін» ашу;
- ағымдағы 2021-2022 оқу жылында қате салдарынан ауыстырылған сыныпты (қара түспен белгіленген) сынып парақшасында «**Қалпына келтіру**» батырмасы арқылы қалпына келтіру;
- көрсеткіш арқылы келесі оқу жылына (мысалы, 2022-2023) өту;



- қателікпен көшірілген сыныптың атауына және «Қарап шығу» қойындысында «Мұрағатқа өткізу» пунктіне басу;
- оқу жылының соңғы күнін 31.07.2023 көрсетіп, көшіруді сақтау;
- әрі қарай, сол сыныптың «Оқушылар» қойындысына кіріп – «Сыныпта болды» пунктіне басу.

Ескерту: Оқушыларды жеке-жеке қалпына келтіру қажет.

Оқушыларды қалпына келтіру үшін:

- оқушының баптауларындағы («қарындаш» белгісіне әлде толық аты-жөніне басу арқылы) «Қарап шығу» қойындысында «Қалпына келтіру» батырмасына басу;
- ағымдағы оқу жылын және сыныпты таңдау;
- **ағымдағы оқу жылының** басталу күнін көрсете отырып, «**Қате салдарынан**» қалпына келтіру түрін таңдау;

- жоғарыда сипатталған іс-әрекетті әр оқушымен қайталау қажет.

Назар аударыңыз! Барлық оқушыларды қалпына келтіргеннен кейін 2022-2023 оқу жылына қате аударылған сыныпты, сынып парақшасындағы «**Жою**» батырмасы арқылы жою қажет.